

Өткен орны: «Ақ қайың» бөбекжайы» МКҚК ғимараты;
Уақыты: 17⁰⁰;
Жоспарлы: жоспарға сәйкес.

Қатысқандар:

- 1) К.Абдраманова – Балабақша меңгерушісі;
 - 2) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы;
 - 3) М.Ниязбекова – Ата-аналар комитетінің төрайымы;
 - 4) А.Утебаев – Камқоршылық кеңес төрағасы;
 - 5) Ж.Исмаилова – бөбекжай әдіскері;
 - 6) Қ.Нұржанова – Мейірбике;
 - 7) П.Зулутбекова – шаруашылық жөніндегі меңгеруші;
 - 8) Педагог мамандар, кіші қызметкерлер – 39 адам;
- Барлығы: 46 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

Педагогикалық кеңес тақырыбы: Педагог қызметкерлерге жаңа оқу жылына бағыт.

Педагог кеңестің құрамын сайлау, бекіту;

- 1) ҚР Оқу – ғарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығымен таныстыру (әрі қарай стандарт);
 - 2) Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылған (2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама) «Қазақстан республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хатын таныстыру;
 - 3) Балабақша қызметкерлерін 2022-2023 жаңа оқу жылына арналған жылдық жоспармен таныстыру;
 - 4) Барлық топтардың бала тізімін бекіту;
 - 5) Тәрбиешілерді топтарға бекіту;
 - 6) 2022-2023 оқу жылының күн тәртібін, сабақ кестесін бекіту;
 - 7) Тәрбиешілердің 2022-2023 оқу жылына арналған перспективалық жоспарларын бекіту;
 - 8) Балабақша мейірбикесінің 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жоспарын бекіту;
 - 9) Педагог-психолог маманның 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жоспарын бекіту;
 - 10) Педагог қызметкерлерді аттестаттау комиссия мүшелерімен таныстыру;
- Педагогикалық кеңестің шешімі.

Тыңдалды: «ҚР Оқу – ғарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығымен таныстыру (әрі қарай стандарт)»

Педагогикалық кеңесті бөбекжай меңгерушісі К.Абдраманова ашып, өткен оқу жылының соңғы педагогикалық кеңесінде қаралған мәселелердің орындалу барысына тоқталып өткеннен кейін, жаңа оқу жылының басталуымен педагогикалық кеңес мүшелерін, қатысушыларды құттықтаған мекеме басшысы, алқалы комиссия мүшелеріне педагогикалық кеңес төрағасы мен хатшысын сайлауды ұсынды. ҚР Білім және ғылым министрінің 02.07.2018 № 317 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, 2020-2023 оқу жылына алқалық органның, яғни мекеменің педагогикалық кеңес мүшелері барлық педагогтар болып табылады. Бір жылға құрылды. Педагогикалық кеңес төрағасы мен хатшысын сайлау ұсынылды. Білім беру ұйымындағы педагогикалық кеңестің отырысына педагогикалық кеңестің мүшелері шақырылады. Қарастырылатын мәселеге сәйкес қамқоршылық кеңестің, ата-аналар комитетінің мүшелері, білім беру ұйымдарына қарасты медициналық пункт қызметкерлері, сондай-ақ білім алушылардың ата-аналары қосымша шақырылатындығы, педагогикалық кеңес қызметтерімен таныстыра келіп, ҚР Оқу – ғарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығымен таныстыру үшін сөз кезегін әдіскер Ж.Исмаиловаға ұсынды.

Ж.Исмаилова, жаңа оқу жылындағы жаңалықтардың бірегейі ҚР Оқу – ғарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығымен таныстырды. Әрі қарай – стандарт. Стандарттағы өзгерістер туралы, «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-1) тармақшасына, 56-бабына сәйкес әзірленгендігі және мыналарды: тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына, тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне және тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптарды анықтайтындығын айтып өтті. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын игеру деңгейі Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшада ұсынылған баланың туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі біліктері мен дағдыларының тізбесіне сәйкес мүмкін жетістіктерін айқындайтын нысаналы нәтижелерге бағдарланатындығын түсіндіріп өтті.

Жиналыс қаулы етті:

1. ҚР Оқу – ғарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығы басшылыққа алынып, жұмыс ұйымдастырылсын;
2. Педагогикалық кеңестің төрағасы болып меңгеруші К.Абдраманова, хатшы тәрбиеші Д.Муталиева болып бекітілсін;
3. Стандарт талаптарына сәйкес дамытушы ортаны ұйымдастыру қолға алынсын;
4. Тәрбиелеу мен білім беру процесі стандарт талаптарына сай ұйымдастырылсын.

Тыңдалды: «Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылған (2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама) «Қазақстан республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хатын таныстыру»

Кезекті күн тәртібі бойынша сөз алған әдіскер Ж.Исмаилова – биылғы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болса, Әдістемелік нұсқау хатта 2022-2023 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтығандығын да айтып өтті. Мәселен, әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру, балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру, тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс,

бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру, Отанды, ана тілін сүйе, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау қажеттігіне де тоқталып өтті. Олар, ойын арқылы оқыту, түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

Жиналыс қаулы етті:

1. Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылған (2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама) «Қазақстан республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынып, жұмыс жүргізілсін;
2. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтер нұсқаулық хаттағы қағидаларды назарда ұстасын;
3. Педагогтардың ойын түрлері жинақталған картотекалары толықтырылсын.

Тыңдалды: «Балабақшаның педагог қызметкерлеріне 2022-2023 жаңа оқу жылына арналған жылдық жоспармен таныстыру»

Бөбекжайдың әдіскері Ж.Исмаилова алқалы кеңес мүшелерін ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Жалпыға міндетті білім беру стандартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 348 бұйрығымен таныстыра келіп, балабақшаның педагог қызметкерлеріне 2022-2023 жаңа оқу жылына арналған жылдық жоспармен таныстырды. Балабақша жайлы толық мағлұматымен, ондағы бөлімдер бойынша жеке-жеке тоқталып өтті. Атап айтар болсақ, бірінші бөлім - Өткен оқу жылы атқарылған педагогикалық жұмыстың есебі, 2021-2022 оқу жылының қорытындысына талдау, 2022 – 2023 оқу жылын жоспарлау кезіндегі басты нормативтік құжаттар. Екінші бөлім - Жаңа оқу жылына арналған жылдық мақсаттар мен міндеттері. Үшінші бөлім - Педагог мамандармен жұмыс, педагог қызметкерлердің сапалық құрамы, педагогтардың өз білімдерін көтеру жоспары, жас мамандармен жұмыс, аттестаттау комиссиясының жоспары, педагогикалық кеңестер, өндірістік кеңестер, материалдық техникалық базаны нығайту, менгеруші алдындағы кеңестер, әдістемелік кеңес жоспары, озық педагогикалық тәжірибені анықтау, жинақтау, ендіру, шығармашылық топтың іс – шара жоспары. Төртінші бөлім - Балалармен жұмыс, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, сауықтыру және шынықтыру шараларының жоспары, ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері, ертеңгіліктер мен мерекелік жоспарлары, бесінші бөлім - Құқықтық тәрбие жұмысы, азаматтық қорғаныс бойынша іс – шаралар, жол көлік апаттарынан сақтау іс – шаралары, құқықтық сауаттылықты арттыру. Алтыншы бөлім - Басқару мен бақылау, жетінші бөлім - ата-аналармен жұмыс, ата – аналармен жұмыс жоспары және ашық есік күндерінен тұратындығын, жоспар барысын тағыстырып, алдағы оқу жылында атқарылатын жұмыстар туралы толықтай таныстырып өтті.

Жиналыс қаулы етті:

1. 2022-2023 оқу жылының жылдық жұмыс жоспары басшылыққа алынсын;
2. Жылдық жоспарға сәйкес, педагогикалық кеңес құрамы мен жоспары бекітілсін;
3. Өндірістік кеңес жоспары талқыланып, бекітілсін;
4. Әдістемелік кеңес жоспары талқыланып, бекітілсін, құрамы бойынша бұйрық дайындалсын;
5. Педагогтардың сапалық құрамы, біліктілік арттыру курстарынан өту деңгейі туралы мәлімет дайындалып, жоспар түзілсін;
6. Жылдық жоспарға сәйкес іс-шаралардың орындалуына жауапты болып әдіскер Ж.Исмаилова бекітілсін.

Тыңдалды: «Барлық топтардың бала тізімін бекіту»

Балаларды топтарға бөлу мәселесі бойынша сөз алған әдіскер Ж.Исмаилова - ҚР Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығының 4 тарауына сәйкес оқыту мерзіміне қойылатын талаптарының жас кезеңдері мынадай: 1) бөбек жасы – 0 (жаңа туған балалар) – 2 жастағы балалар; 2) мектепке дейінгі жас – 3-5 жастағы балалар. Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталады: ерте жас тобы – 1 жастағы балалар, кіші топ – 2 жастағы балалар, ортаңғы топ – 3 жастағы балалар, ересек топ – 4 жастағы балалар, мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып – 5 жастағы балалар. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл. Биылғы оқу жылындағы балаларды топтастыру бойынша төрт ортаңғы топ – 3 жастағы балалар (2019 ж.т.), екі ересек топ – 4 жастағы балалар (2018 ж.т.) және бір мектепалды топ (2017 ж.т.) болып топтастырылды.

Жиналыс қаулы етті:

1. ҚР Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығының 4 тарауына сәйкес топтар түзілсін;
2. 2019 жылы туылған балалар 100 бала болғандықтан, әр топта 25 баладан «Балбөбек», «Балапан», «Қошақан» және «Айгөлек» топтары отаңғы топ болып топтастырылсын;
3. 2018 жылы туылған балалар 50 бала болғандықтан «Жұлдыз» және «Балдәурен» топтары ересек топтары болып топтастырылсын;
4. 2017 жылы туылған балалар 25 бала болғандықтан «Балауса» мектепалды даярлық тобы болып топтастырылсын;

Тыңдалды: «2022-2023 оқу жылының күн тәртібін, сабақ кестесін бекіту»

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай әдіскері Ж.Исмаилова – Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылдың 6 мамырда №10975 «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы қаулысына сәйкес жаңа оқу жылына топтарғадың жас ерекшеліктеріне ескере отырып күн тәртібі бекітілді. Онда, балабақшаның жұмыс жезімі 10,5 сағат болып бекітіліп, осы аралықта атқарылатын жұмыстар кезеңі анықталды. Атап айтқанда, балаларды қабылдау, тексеріп-қабылдау, таңертеңгі жаттығу, үстел үсті, саусақ, дидактикалық ойындар, гигиеналық шаралар, таңғы асқа дайындық (гигиеналық шаралар), таңғы ас, дербес әрекет, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық, ұйымдастырылған оқу қызметі, үзілісті қоса алғанда, үлкендер мен балалардың бірлескен іс-әрекеті, екінші таңғы ас - таңғы асқа дайындық (гигиеналық шаралар), екінші таңғы ас, «Табиғат аясына бірге барамыз» серуенге дайындық, серуен, серуеннен оралу, гигиеналық шаралар, «Ас дәмді болсын» - түскі ас, «Тәтті ұйқы» - түскі ұйқыға дайындық, күндізгі ұйқы, «Ұйқыдан ояну және сергіту» - ұйқыдан тұрғызу. аяу, су емшаралары сергіту жаттығулары, шынықтыру шаралары, ойындар, «Ас дәмді болсын» - бесін ас, «Алақай, ойнаймыз!» - сюжеттік, рөлдік, шығармашылық, дидактикалық және қимыл-қозғалыс ойындары, серуенге дайындық, серуен, серуеннен оралу, «Қош бол, балабақша!» - балалардың ата-аналарымен қарым-қатынас, еркін ойындар, балалардың үйге қайтуы болып түзілді. Осы күн тәртібіне сәйкес балалардың бөбекжайдағы күн режимінің барысы анықталын, жұмысты ұйымдастыру келісілді.

Сабақ кестесі биылғы оқу жылындағы стандарт талаптарына сәйкес әдістемелік нұсқаулық хаттың негізінде тек мектепалды даярлық тобында ғана сабақ кестесі бекітіледі, ал қалған топтарда әдістемелік нұсқаулық хатта қарастырылғандай ұйымдастырылған іс-әрекет - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын іс-әрекет екендігін айта келіп, ойын іс-әрекеті арқылы ұйымдастыру қажеттігі түсіндірілді.

Жиналыс қаулы етті:

5. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылдың 6 мамырда №10975 «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы қаулысына сәйкес 2022-2023 оқу жылына күн тәртібі түзілсін;
6. Күн тәртібі топтың жас ерекшеліктерін ескере отырып түзілсін;
7. Топ жетекшілеріне күн тәртібі бекітіліп берілсін;
8. Күн тәртібіне сәйкес топ жетекшілері жұмыстарын ұйымдастырсын;
9. Сабақ кестесі тек мектепалды даярлық тобына бекітіліп берілсін, қалған топтарда сабақ кестесі әдістемелік нұсқаулық хаттың негізінде түзілсін.

Тыңдалды: «Тәрбиешілердің 2022-2023 оқу жылына арналған перспективалық жоспарларын бекіту»

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай әдіскері Ж.Исмаилова – биылғы оқу жылында өте көптеген өзгерістер барын айта келіп, ең басты өзгеріс № 604 «Жалпыға білім беру стандартына» өзгеріс енгендігін айта келіп, ҚР Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығының талаптарымен таныстырды. Осы өзгерістерге байланысты «Үлгілік оқу бағдарламасына» және «Үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер енгізіліп жатқандығын айта келіп, өткен оқу жылдарындағыдай өтпелі тақырыптар болмайтындығын, Үлгілік оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізіліп жатқандықтан бұрынғы «Үлгілік оқу бағдарламасының» мазмұнына сәйкес перспективалық жоспарды міндеттер қоя отырып түзілетіндігін айтып, қазіргі таңда жаңа «Үлгілік оқу бағдарламасы» қабылданғанға дейін бір айға, яғни қыркүйек айына ғана перспективалық жоспар түзілетіндігін түсіндірді. «Үлгілік оқу бағдарламасы» бекітіліп, ұсынылған жағдайда қайта жылдық перспективалық жоспар түзілетіндігі айтылды.

Жиналыс қаулы етті:

1. 2022-2023 оқу жылына арналған перспективалық жоспар «Үлгілік оқу бағдарламасына» сәйкес қыркүйек айына ғана түзілсін;
2. ҚР Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығы талаптарына сәйкестендіріліп түзілсін;
3. Тәрбиешілер күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекет түрлерін ойын арқылы ұйымдастырсын;
4. Топтарда кітап бұрышы ата-аналармен бірлесіп отырып ұйымдастырылсын;

Тыңдалды: «Балабақша мейірбикесінің 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жоспарын бекіту»

Келесі сөз кезегін алған бөбекжай мейірбикесі Қ.Нұржанова, 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен барша жиынға қатысушыларды таныстырды. Онда, жоспардың мақсаты, міндеттерін айта келіп, балалардың физикалық қасиеттерін дамытуда шынықтыру-сауықтыру шаралары, спорттық ойындар, таңғы гимнастика барсында қандай жаттығулар жасау қажеттігі, денешынықтыру іс-әрекеттеріндегі жоспарлау барыстары туралы толығымен айта келіп, іс-шаралар жоспарымен таныстырып өтті. Жоспарларда атқарылатын жұмыстарды педагогтармен пікір алмаса отырып, түзетулер мен өзгерістер енгізілді.

Жиналыс қаулы етті:

1. Балабақша мейірбикесінің 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жоспары бекітілсін;
2. Әр тоқсан сайын балалардың денсаулығына талдау жасалынып, есеп берілсін;
3. Балалардың сауықтыру-шынықтыру шаралары мерзімдерге байланыстыра отырып жүргізілсін;
4. Спорттық ойындар жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылсын;
5. Балалардың тағамдары мерзімдерге сәйкес өзгертіліп отырсын;
6. Тағамның құнарлылығы әр уақытта бақылауда ұсталынсын;
7. Мейірбике Қ.Нұржанова денсаулық саласындағы атқарылатын жұмыстарға жауапты болып бекітілісін.

Тыңдалды: «Педагог-психолог маманның 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жоспарын бекіту»

Бөбекжайдың педагог-психолог маманы Ж.Умирова, 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен барша жиынға қатысушыларды таныстырды. Онда, жоспардың мақсаты, міндеттерін айта келіп, балалардың психологиялық дамуы, отбасының әлеуметтік жағдайлары, ата-аналармен өткізілетін сауалнама, педагогтармен өткізілетін тренингтер туралы айта келіп, балалармен жүргізілетін жұмыстармен толықтай түсіндіріп өтті. Балалардың қызығушылығын ояту мақсатында қандай жұмыстар атқару қажеттігі, инклюзивті білім беруді қолдау мақсатында алдағы уақытта атқаратын жұмыстарымен де бөлісті.

Жиналыс қаулы етті:

1. Педагог-психолог маманның 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жоспары бекітілсін;
2. Ата-аналармен байланыс орнату мақсатында сауалнамалар дайындалсын;
3. Педагогтармен тәрбие және білім беру процесін жандандыру мақсатында тренингтер, іс-шаралар, пікір алмасулар ұйымдастырылсын;
4. Педагог-психолог Ж.Умирова балалардың психологиялық дамуына атқарылатын жұмыстарға жауапты болып бекітілісін.

Тыңдалды: «Педагог қызметкерлерді аттестаттау комиссия мүшелерімен таныстыру»

Келесі сөз кезегін алған тәрбиеші Г.Жунусбаева - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы № 561 бұйрығына сәйкес балабақшада 2022-2023 оқу жылында аттестациялық комиссия құрамын сайлауды ұсынды. Құрамында кімдер болу қажеттігі туралы түсіндіре келіп, төмендегі азаматтарды аттестациялық комиссия құрамына енгізуді сұрады, барлығы бірауыздан қолдап, аттестациялық комиссия құрамы бекітілді.

Жиналыс қаулы етті:

1. Бөбекжайдың 2022-2023 оқу жылына арналған аттестациялық комиссия құрамы бекітілсін;
2. Комиссия құрамына қамқоршылық кеңес мүшелері, аудандық әдістемелік кабинеті мамандары, заң талаптарына сәйкес мамандардан құралсын;
3. Бөбекжайдан тыс мекемелерде жұмыс жасайтын комиссия құрамы мүшелерінен келісім алынсын;
4. Аттестациялық комиссияның хатшысы болып тәрбиеші Г.Жунусбаева бекітілсін;
5. Г.Жунусбаева аттестацияға қатысты жұмыстарды қажеттілігіне қарай ұйымдастырсын.

Тыңдалды: «Педагогикалық кеңестің шешімі»

Жиынды қорытындылай келе алқалы кеңестің мүшелері төмендегідей шешім қабылдады:

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Педагогикалық кеңестің төрағасы болып меңгеруші К.Абдраманова, хатшы тәрбиеші Д.Муталиева болып бекітілсін;
2. ҚР Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта,

- жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығы басшылыққа алынсын;
3. Стандарт талаптарына сәйкес дамытушы ортаны ұйымдастыру қолға алынсын;
 4. Тәрбиелеу мен білім беру процесі стандарт талаптарына сай ұйымдастырылсын;
 5. Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылған (2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама) «Қазақстан республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынып, жұмыс жүргізілсін;
 6. Педагогтардың ойын түрлері жинақталған картотекалары толықтырылсын;
 7. Бөбекжайдың 2022-2023 оқу жылының жылдық жұмыс жоспары бекітілсін;
 8. Жылдық жоспарға сәйкес, педагогикалық кеңес құрамы мен жоспары бекітілсін;
 9. Өндірістік кеңес жоспары бекітілсін;
 10. Әдістемелік кеңес жоспары бекітілсін, құрамы бойынша бұйрық дайындалсын;
 11. Педагогтардың сапалық құрамы, біліктілік арттыру курстарынан өту деңгейі туралы мәлімет дайындалып, жоспар түзілсін;
 12. ҚР Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығының 4 тарауына сәйкес топтар түзілсін;
 13. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылдың 6 мамырда №10975 «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы қаулысына сәйкес 2022-2023 оқу жылына күн тәртібі түзілсін;
 14. Сабақ кестесі тек мектепалды даярлық тобына бекітіліп берілсін, қалған топтарда сабақ кестесі әдістемелік нұсқаулық хаттың негізінде түзілсін;
 15. 2022-2023 оқу жылына арналған перспективалық жоспар «Үлгілік оқу бағдарламасына» сәйкес қыркүйек айына ғана түзілсін;
 16. Тәрбиешілер күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекет түрлерін ойын арқылы ұйымдастырсын;
 17. Балабақша мейірбикесінің 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жоспары бекітілсін;
 18. Педагог-психолог маманның 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жоспары бекітілсін;
 19. Бөбекжайдың 2022-2023 оқу жылына арналған аттестациялық комиссия құрамы бекітілсін;
 20. Аттестациялық комиссияның хатшысы болып тәрбиеші Г.Жунусбаева бекітілсін;
 21. Педагогикалық шешімнің орындалуына жауапты болып әдіскер Ж.Исмаилова бекітілсін.

Жиналыс төрайымы

Жиналыс хатшысы



К.Абдраманова

Д.Муталиева

Құтарыс ауылы

12.09.2022 жыл

Өткен орны: «Ақ қайын» бөбекжайы» МКҚК ғимараты;
Уақыты: 17¹⁰;
Жоспарлы: жоспардан тыс.

Қатысқандар:

- 1) К.Абдраманова – Балабақша меңгерушісі;
 - 2) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы;
 - 3) Ж.Исмайлова – бөбекжай әдіскері;
 - 4) Педагог мамандар – 16 адам;
- Барлығы: 19 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

Педагогикалық кеңес тақырыбы: Педагог қызметкерлерге жаңа оқу жылына бағыт.

1) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» № 394 бұйрығымен таныстыру, сабақ кестесін бекіту.
Педагогикалық кеңестің шешімі.

Тыңдалды: «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» № 394 бұйрығымен таныстыру, сабақ кестесін бекіту»

Бүгінгі жоспардан тыс педагогикалық кеңесті ашқан бөбекжай меңгерушісі К.Абдраманова – бүгінгі шұғыл жиынның мазмұнымен таныстыра келіп, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» № 394 бұйрығымен таныстыру үшін сөз кезегін әдіскер Ж.Исмайловаға ұсынды.

Әдіскер Ж.Исмайлова қазіргі таңда стандартқа өзгеріс енгеннен кейін «Үлгілік оқу бағдарламасына» және «Үлгілік оқу жоспарына» өзгерістер енуі заңдылық екендігін айта келіп, бүгінгі кеңестің мақсаты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» № 394 бұйрығымен толықтай таныстырып өтті. Осыдан кейін жас ерекшеліктеріне сәйкес сабақ кестелері заң талаптарына негізделіп түзілетіндіктерін, оның ішінде бұрынғыдай бес білім саласын жеке-жеке жоспарламай, күнделікті бір-бірінен ажыратпай, ойын іс-әрекеті арқылы үйлестіру қажеттігін тілге тиек етті. Жоғарыдағы заңның талаптарына сәйкес, №1 қосымшасы Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары ерте жас және кіші топтарға арналған, № 2 қосымшасы Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары ортаңғы, ересек топтарға арналған, №3 қосымшасы - Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа / мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары 5 жастағы балаларға арналған кестеге сәйкес түзілетіндігін айтты. Сонымен қатар, төмендегі ескертуге мән беруге шақырды. *Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы. **Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді. ***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады. ****Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыка тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа музыкалық іс-әрекетке уақыт бөлінетіндігі туралы толықтай мәлімет беріп өтті.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» №394 бұйрығы басшылыққа алынсын;
2. Жоғарыдағы бұйрықтың №2 қосымшасына сәйкес ортаңғы және ересек топтардың сабақ кестесі түзілсін;
3. Жоғарыдағы бұйрықтың №3 қосымшасына сәйкес мектепалды даярлық тобының сабақ кестесі түзіліп, бекітілсін;
4. Жас ерекшеліктеріне сәйкес түзілген топтардың жетекшілеріне сабақ кестелері берілсін;
5. Педагогикалық шешімнің орындалуына жауапты болып әдіскер Ж.Исмайлова бекітілсін.

Жиналыс төрайымы

Жиналыс хатшысы



К.Абдраманова

Д.Муталиева

Өткен орны: «Ақ қайың» бөбекжайы» МКҚК ғимараты;
Уақыты: 17³⁰;
Жоспарлы: жоспарлы.

Қатысқандар:

- 1) К.Абдраманова – Балабақша меңгерушісі;
 - 2) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы;
 - 3) Ж.Исмайлова – бөбекжай әдіскері;
 - 4) Педагог мамандар – 14 адам;
- Барлығы: 17 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

Педагогикалық кеңес тақырыбы: Педагог қызметкерлердің біліктілігін айқындау.

- 1) Өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы
- 2) Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесімен таныстыру.
- 3) Сараптамалық кеңес құрамымен таныстыру, бекіту.
- 4) Балалар тізімінің толықтығын анықтау.
- 5) Мониторинг талдау
- 6) Педагогикалық әдеп баяндама – баяндамашы Л.Рустемова
- 7) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» № 422 бұйрығын таныстыру.
- 8) Педагогикалық кеңестің шешімі

Тыңдалды: «Өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы»

Бүгінгі педагогикалық кеңесті ашқан бөбекжай меңгерушісі К.Абдраманова өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалу барысына шолу жасады. Стандарт талаптарына сәйкес дамытушы ортаны ұйымдастыру бойынша топтар жаңа оқу жылына сай безендірілгені, дамытушы орта балалардың қауіпсіздігі мен қолжетімділігіне сәйкестендіріліп жасалғандығы қарап шығып, балаларға кітап бұрышын ұйымдастыру жұмыстарын қолға алу тапсырылды. Педагогтардың ойын түрлері жинақталған картотекаларын толықтыру бойынша әдіскер Ж.Исмайлова жұмыстармен таныстырып, шығармашылық тақырыптарына сәйкес педагогтар әрі қарай да жыл бойы картотекаларын толықтыру жұмыстарын ұдайы іске асыратындығын айтып өтті. Педагогикалық кеңес, өндірістік кеңес және әдістемелік кеңестер жоспарға сай жұмыс жүргізуде екендігін жоспарларымен таныстар отырып, жыл бойы атқарылатын мәселелермен бөлісті. Топтар заңт талаптарына сәйкес құрылғандығын айта келіп, жас ерекшеліктеріне сәйкес күн тәртібі режимі сақталып келе жатқандығы, перспективалық жоспар талапқа сай қазан айында да бір айға түзілгендігін айтып өтті. Алдағы уақытта осы іс-әрекеттер әрі қарай жалғастырылсын деген тұжырым жасалынды.

Тыңдалды: «Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесімен таныстыру»

Педагогикалық кеңестің келесі күн тәртібі бойынша сөз алған әдіскер Ж.Исмайлова – «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығына сәйкес, педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесімен таныстырып өтті. Педагог әр бес жыл сайын біліктілік санатын жоғарылатып отыруы тиіс, бірақ, екі жылдан кейін мерзімінен бұрын біліктілігін артыруына болады. Оған жетістіктері бар болған жағдайда өтініш бере отырып ережеге сай құжаттарын жинақтап, аттестациялық комиссияға ұсына алады. Ал, кезекті өтінішті ұсын барысында қандай құжаттар қажеттігін толығымен түсіндіріп өтті. Аттестаттау 2 кезеңнен тұратындығын, бірінші біліктілік тестін тапсырса, екінші кезеңінде құжаттары қаралып, сұқбаттасудан өтетіндігі айтылды. Аттестаттаудан өту кезеңдері қаңтар-мамыр, тамық-желтоқсан аралықтарында жүргізілетіндігі, өткеннен кейін куәлік берілетіндігі, осы куәліктің негізінде 5 жылға біліктілік санаты жарайтындығы, педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер санаттары жөнінде маггдұматтар берілді.

Жиналыс қаулы етті:

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығы басшылыққа алынып, жұмыс жүргізілсін;
5. Аттестациялауға жататын педагогтар тізімі нақтылансын;
6. Мерзімінен бұрын біліктілігін жоғарылатуға өтініш беретін педагогтар тізімі анықталсын;
7. Аттестациялық комиссияның жұмысына жауапты болып комиссия хатшысы Г.Жунусбаева бекітілсін.

Тыңдалды: «Сараптамалық кеңес құрамымен таныстыру, бекіту»

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша сөз алған Г.Жунусбаева – «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығына сәйкес, педагог-сарапшы біліктілік санаты аудандық деңгейде өтетін болғандықтан, құжаттарын қарау бөбекжай ішілік сараптамалық комиссияның деңгейінде қаралатындығын, ол комиссияға кімдер мүше болатындығын таныстырып өтті. Сараптамалық комиссияның жұмыстарымен таныстыра келіп, комиссия құрамын сайлауды ұсынды. Сараптамалық комиссия құрамы бөбекжай меңгерушісінің бұйрығымен бекіту ұсынылды.

Жиналыс қаулы етті:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығына сәйкес сараптамалық комиссия құрамы бекітілсін;
2. Сараптама комиссиясының бөбекжайдан тыс комиссия мүшелерінен келісім алынсын;
3. Сараптама комиссиясының хатшысы болып Г.Жунусбаева бекітілсін;

Тыңдалды: «Балалар тізімінің толықтығын анықтау»

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай меңгерушісі К.Абдраманова – Түркістан облысы әкімінің 2022 жылғы 9 қазандағы №183 қаулысына сәйкес, жан басына қаржыландыру 3-6 жас аралығындағы балаларға ғана қаржыландырылатын болғандықтан топтардағы балалардың жас ерекшелігі стандарт талаптарына сәйкестігі қаралды. НОБД ұлттық бірінғай базасы мен «Балабақша smartnation» порталындағы балалар сәйкестендірілді. Балаларды балабақшаға қабылдау №252 мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне сәйкестендіре отырып жүргізілуі қажеттігі түсіндірілді.

Жиналыс қаулы етті:

1. Стандарт талаптарына сәйкес жас ерекшелігі ескеріле отырып топтастыру жұмыстары жүргізілсін, топтар оқу жылының басында түзілсін;
2. Түркістан облысы әкімінің 9 қазан 2022 жылғы қаулысына сәйкес, балабақшаға 3-6 жас аралығындағы балалар қабылданын;
3. Балаларды балабақшаға қабылдау үшін ата-ананың өтініші «Балабақша smartnation» порталы арқылы қабылданын;
4. №252 мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне сәйкестендіре отырып балалардың құжаттары қабылданын;
5. Балалардың құжаттарын қабылдауға жауапты болып мейірбике Қ.Нұржанова бекітілсін.

Тыңдалды: «Мониторинг талдау»

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай әдіскері Ж.Исмаилова 2022-2023 оқу жылындағы бастапқы мониторинг нәтижелеріне тоқталды. Онда, денсаулық білім саласы бойынша 2021-2022 оқу жылында бұл көрсеткіш 65, 14 пайызды құраған, ал, биылғы оқу жылында бұл көрсеткіш 78,29 пайыз болып отыр. Ал, қатынас саласында 2021-2022 оқу жылындағы көрсеткіш – 58,29 пайызды, биылғы оқу жылында – 58,29 пайызды көрсетуде. Таным саласы бойынша 2021-2022 оқу жылы бұл көрсеткіш – 66,86 пайызды көрсетсе, биылғы оқу жылында – 76,57 пайызды құрауда. Шығармашылық саласы бойынша 2021-2022 оқу жылындағы көрсеткіш – 62,86 пайыз, биылғы жылы – 66,86 пайыз болуда, ал, әлеумет саласы бойынша 2021-2022 оқу жылындағы көрсеткіш – 48,57 пайыз болған, биылғы жылы бұл көрсеткіш – 60,57 пайызды құрауда. Былтырғы оқу жылында топтардың жас ерекшеліктері бір кіші, екі ортаңғы, үш ересек және бір мектепалды даярлық тобы болса, биылғы оқу жылында төрт ортаңғы, екі ересек және бір МАД тобы болып жасақталған. Жас ерекшеліктері былтырғы оқу жылына қарағанда жоғарылағаны және бастапқы мониторинг көрсеткіштерінің де едәуір жоғарылағандығы байқалады. Дегенмен, қатынас саласы бойынша тереңдете отырып жұмыс жасауды қажет етіп тұрғандығын байқаймыз. Осы орайда балалардың тілдік қорын дамытуда әр түрлі саныналық қойылымдар, жаттау жаттату, жаңылтпаштар айтқызу арқылы балалардың дұрыс сөйлем құрауын, жаңа сөздер үйренуіне мән беру керектігі айтылып, әр топ жетекшілеріне жоспар түзу тапсырылды.

Жиналыс қаулы етті:

1. Бастапқы мониторингтің талдау нәтижесі басшылыққа алынып, жұмыс жүргізілсін;
2. Әр топ жетекшілері қатынас саласын дамытуда жоспар түзсін, осы жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылсын;
3. Балаларға қатынас саласын дамытуда әр топта кітап бұрышы ұйымдастырылсын;
4. Ата-аналармен бірлесе отырып кітап бұрышын жандандыру қолға алынсын;
5. Бастапқы бақылау нәтижесі бойынша әрі қарай жұмыс жүргізуді ұйымдастыру әдіскер Ж.Исмаиловаға жүктелсін.

Тыңдалды: «Педагогикалық әдеп баяндама»

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша сөз алған тәрбиеші Л.Рустемова – педагогтарға әдеп нормалары жөнінде баяндама оқыды. Онда, Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары мыналар болып табылатын: Бірінші, адалдық - педагогтің адалдығы олардың оқыту мен тәрбиелеу нәтижесіне, өз қызметіндегі түзетулерді жүзеге асыра білуіне, сынға және рефлексияға қабілетін дамытуға, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (занды өкілдерінің), әріптестерінің кез келген пікірі үшін ашықтығына жауапкершілігін білдіреді, екінші, әділдік - педагогтің әділдігі оның бағалау қызметінің ашықтығын, олардың құрған білім беру ортасының айқындылығын білдіреді. Әділдік педагогке білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (занды өкілдерінің), әріптестерінің құқығын бұзуға тыйым салады, үшінші, жеке тұлғаның абыройын және қадір-қасиетін құрметтеу - педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (занды өкілдерінің), адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда әдепті болады. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушы мен тәрбиеленушінің жеке басының өсуіне ықпал ету мақсатында білім алушының жетістіктерін (жетіспеушілігін) бағалауда сыпайылықты қамтамасыз етеді. Білім беру процесінің қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға жол бермейді, теөтінішпен, патриотизм - педагог өз Отаны - Қазақстан Республикасына, тарихына, дәстүрлеріне және тіліне адал және сүйіспеншілікпен қарайды. Қазақстан Республикасының мәдени және тарихи дәстүрлерін сақтайды, бұл қарым-қатынасты білім алушыларға береді. Бесіншіден, жалпы адами құндылықтарды құрметтеу және төзімділік - педагог жалпы адами құндылықтардың басымдылығын мойындай отырып, әрбір ұлт мәдениетінің ерекшелігіне, құндылығына және қадір-қасиетіне құрметпен қарайды. Педагог ұлтаралық қатынастар мәдениетін тәрбиелейді, білім алушыларды жасына, жынысына, тіліне, ұлтына, діни көзқарасына, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкітік жағдайына немесе өзге де кез келген жағдайларға қарамастан барлық ұлттар мен барлық адамдардың құқығы мен қадір-қасиетін құрметтеуге үйретеді. Педагогтің толеранттылығы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге, олардың ата-аналарына (занды өкілдеріне) төзімділікті, олардың әлеуметтік, лауазымдық және мүлкітік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, мәдениетке, наным-сеніміне, туған жері мен тұрғылықты жеріне төзімділікті, сондай-ақ жұмыста білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жетілмегенін түсіне және ескере білуді көздейді. Педагог мектеп ұжымында сенім білдіру және құрметтеу ахуалын жасауға ықпал етеді Алтыншыдан, кәсіби ынтымақтастық - педагог кәсіптің беделі туралы ойлайды, әріптестерінің абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, мұғалімнің беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттерге жол бермейді. Қандай да бір нысанда өз әріптестерінің сенімін теріс пайдалануға, олардың кәсіби міндеттерін атқаруына кедергі жасауға, оларға қандай да бір шығын келтіруге жол бермейді. Педагог өз әріптестерінің теориялық және әдістемелік шеберлік деңгейін арттыруға, шығармашылық қабілетін дамытуға жәрдем көрсетеді, қиын жағдайға тап болған әріптестеріне көмекке келеді. Кәсіби ынтымақтастық жалғандық пен әділетсіздікті ақтауға қызмет етпейді. Жетіншіден, үздіксіз кәсіби даму - педагог өзінің кәсіби шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін жетілдіретіндігін айта келіп, педагогикалық әдептің негізгі нормалары, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары жөнінде толыққанды баяндап өтті. Сондай-ақ, жиынға қатысушылар тарапынан берілген сұрақтарға да жауап берді.

Жиналыс қаулы етті:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» №190 бұйрығы басшылыққа алынып, жұмыс жүргізілсін;
2. Тәрбиеші Л.Рустемованың «Педагогикалық әдеп» атты баяндамасы жақсы деп бағаланын;
3. Бөбекжайда 2022-2023 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп кеңесі құрылсын;
4. Заң талаптарына сәйкес кем дегенде тоқсанына бір рет кеңес отырыс өткізілсін;
5. Педагогикалық әдеп кеңесінің құжаттарын жүргізуге жауапты болып тәрбиеші Л.Рустемова бекітілсін.

Тыңдалды: «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» № 422 бұйрығын таныстыру»

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай әдіскері Ж.Исмаилова –Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 6-тармағына және 14-бабының 1-тармағына, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі - Стандарт) талаптарына сәйкес әзірленгендігін айта келіп, бағдарламаның мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылатындығын түсіндірді. Сондай-ақ, бағдарламаның міндеттері мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылатындығын айтып өтті. Бағдарламаның негізгі мазмұны: дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға, балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуге, қолдың ұсақ моторикасын, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылатындығын айтып өтті. Бағдарламаның негізгі мазмұны: дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға, балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуге, қолдың ұсақ моторикасын, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылатындығын айтып өтті.

Жиналыс қаулы етті:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» № 422 бұйрығын басшылыққа алынып, жұмыс жүргізілсін;
2. Перспективалық жоспарлар 2022-2023 оқу жылына толық жасалынып, бекітілсін;
3. Үлгілік оқу бағдарламасын түсіндіру бойынша әдістемелік нұсқаулық хатпен жұмыс ұйымдастырылсын;
4. Осы жұмыстардың орындалуына жауапты болып әдіскер Ж.Исмаилова бекітілсін.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығы басшылыққа алынып, жұмыс жүргізілсін;
2. Аттестациялауға жататын педагогтар тізімі нақтылансын;
3. Мерзімінен бұрын біліктілігін жоғарылатуға өтініш беретін педагогтар тізімі анықталсын;
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығына сәйкес сараптамалық комиссия құрамы бекітілсін;
5. Сараптама комиссиясының бөбекжайдан тыс комиссия мүшелерінен келісім алынсын;
6. Түркістан облысы әкімінің 9 қазан 2022 жылғы қаулысына сәйкес, балабақшаға 3-6 жас аралығындағы балалар қабылданын;
7. Балаларды балабақшаға қабылдау үшін ата-ананың өтініші «Балабақша smartnation» порталы арқылы қабылданын;
8. №252 мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне сәйкестендіре отырып балалардың құжаттары қабылданын;
9. Бастапқы мониторинг нәтижесіне сәйкес әр топ жетекшілері қатынас саласын дамытуда жоспар түзсін, осы жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылсын;
10. Балаларға қатынас саласын дамытуда әр топта кітап бұрышы ұйымдастырылсын;
11. Ата-аналармен бірлесе отырып кітап бұрышын жандандыру қолға алынсын;
12. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» №190 бұйрығы басшылыққа алынып, бөбекжайда 2022-2023 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп кеңесі құрылсын, кем дегенде тоқсанына бір рет кеңес отырыс өткізілсін;
13. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» № 422 бұйрығын басшылыққа алынып, перспективалық жоспарлар 2022-2023 оқу жылына толық түзіліп, бекітілсін;
14. Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуына жауаптылық әдіскер Ж.Исмаиловаға жүктелсін.

Жиналыс торайымы

Жиналыс хатшысы



К.Абдраманова

Д.Муталиева

Өткен орны: «Ақ қайын» бөбекжайы» МКҚК ғимараты;
Уақыты: 17⁰⁰;
Жоспарлы: жоспардан тыс.

Қатысқандар:

- 1) К.Абдраманова – Балабақша меңгерушісі;
 - 2) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы;
 - 3) Д.Муталиева – бөбекжай әдіскері;
 - 4) Педагог мамандар – 8 адам;
- Барлығы: 11 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

Педагогикалық кеңес тақырыбы: Мекеменің өзін-өзі бағалау жұмыстары туралы.

- 1) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығын таныстыру;
- 2) Білім беру ұйымдарының бағалау өлшемшарттарына сәйкес комиссия мүшелерін анықтау, атқарылатын жұмыстарды бөлісу;
- 2) Педагогикалық кеңестің шешімі.

Тыңдалды: «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығын таныстыру»

Бүгінгі педагогикалық кеңестің тақырыбы «Мекеменің өзін-өзі бағалау жұмыстары туралы» жөнінде болғандықтан жиынға қатысушыларды бөбекжай меңгерушісі К.Абдраманова - Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығын жан-жақты таныстыру мәселесі қаралды. Өйткені, 2023 жылдың ақпан айында мекеме аттестаттаудан өтетіндігі айтылды. Бұл бұйрық "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 21-2) тармақшасына сәйкес түзілген. **Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:** 1) білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары – білім беру ұйымын бағалауды анықтау үшін қолданылатын, білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілермен бекітілген талаптардың жиынтығы; 2) бағалау өлшемшарттары – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүргізуге негіз болатын белгілер мен нақты өлшеуіштер; 3) білім беру бағдарламасы – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені; оқыту нәтижелері – білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша алған, көрсететін білімінің, машықтарының, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қарым-қатынастар; 6) оқу бағдарламасы – әрбір оқу сабағы, әрбір оқу пәні және (немесе) модуль бойынша меңгерілуге тиіс білімнің, машықтың, дағды мен біліктіліктің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама; 7) оқу жоспары – тиісті білім беру деңгейінде білім алушылардың оқу сабақтарының, оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің, кәсіптік практиканың, өзге де оқу қызметі түрлерінің тізбесін, реттілігін, көлемін (еңбекті қажетсінуін) және бақылау нысандарын регламенттейтін құжат. **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары:** 1) оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – УОЖ) талаптарына сәйкестігі; 2) білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру; 3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау; 4) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы; 5) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау; 6) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерін (қорытынды) болуы және талдау; **Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:** 1) МДТО УОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы. **Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:** 1) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау; 2) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау – деп аяқтады.

Жиналыс қаулы етті:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығы басшылыққа алынсын;
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары негізге алынып жұмыс ұйымдастырылсын;
3. Бөбекжайдың үш жылдық құжаттары өлшемшарттарға сәйкес дайындалсын.

Тыңдалды: «Білім беру ұйымдарының бағалау өлшемшарттарына сәйкес комиссия мүшелерін анықтау, атқарылатын жұмыстарды бөлісу»

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша сөз алған бөбекжай меңгерушісі К.Абдраманова – мекеменің аттестаттаудан өтуіне құжаттарды дайындау үшін комиссия мүшелерін құруды ұсынды, сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары негізінде 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарының және 2022-2023 оқу жылының аттестатталу кезеңіндегі құжаттарды дайындау үшін мекеменің өзін-өзі бағалау құжаттарын дайындау қажеттігі туралы айтылды. Комиссия құрамы ережеге сәйкес бес адамнан құралды, барлық комиссия мүшелеріне атқаратын жұмыстары бөлініп берілді. Алдағы бір айдың ішінде өздеріне жүктелген міндеттер бойынша құжаттарды жинақтау, қорытындылау ұсынылды. Комиссия мүшелері төмендегіше болып түзілуі үшін ұсыныс берілді, олар: Бөбекжай меңгерушісі, комиссия төрағасы – Абдраманова Кунсулу Алимкуловна, бөбекжай әдіскері, комиссия мүшесі – Муталиева Динара Дүйсенбаевна, бөбекжайдың шаруашылық жөніндегі меңгерушісі, комиссия мүшесі –Зулутбекова Парида Сагиновна, бөбекжай

тәрбиешісі, комиссия мүшесі – Жунусбаева Гүлдана Батырхановна, бөбекжай тәрбиешісі, комиссия мүшесі – Дарибаева Каршыға Кенесовна. Комиссия құрамына бөбекжайдағы білім беру қызметін өзін - өзі бағалауды (бұдан әрі-өзін-өзі бағалау) жүргізу кезінде зерттеудің негізгі бағыттары бойынша төмендегі жұмыстар барысын қарайды. Біріншіден, білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтар. Екіншіден, оқыту және білім беру. Үшіншіден, білікті қызметкерлердің болуы. Төртіншіден, қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау. Бесіншіден, білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Ал атыншыдан, тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық базаның тиімділігі жөніндегі жұмыстар атқарылатындығы айтылды.

Жиналыс қаулы етті:

1. Бөбекжайдағы білім беру қызметін өзін - өзі бағалауды (бұдан әрі-өзін-өзі бағалау) жүргізу үшін комиссия құрамы бекітілсін;
2. Комиссия құрамына бөбекжайдағы білім беру қызметін өзін - өзі бағалауды (бұдан әрі-өзін-өзі бағалау) жүргізу кезінде зерттеудің негізгі бағыттары анықталып берілсін;
3. Комиссия мүшелері өздеріне бекітіліп берілген жұмыстарға сәйкес құжаттарды жинақтау, қорытындылау жұмыстарын жүргізісін;
4. Комиссия мүшелерінің жұмыстарын қорытындылауына бір ай уақыт берілсін.

Педагогикалы кеңестің шешімі:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығы басшылыққа алынсын;
2. Бөбекжайдағы білім беру қызметін өзін - өзі бағалауды (бұдан әрі-өзін-өзі бағалау) жүргізу үшін комиссия құрамы бекітілсін;
3. Комиссия құрамына бөбекжайдағы білім беру қызметін өзін - өзі бағалауды (бұдан әрі-өзін-өзі бағалау) жүргізу кезінде зерттеудің негізгі бағыттары анықталып берілсін;
4. Комиссия мүшелері өздеріне бекітіліп берілген жұмыстарға сәйкес құжаттарды жинақтау, қорытындылау жұмыстары бір ай мерзімінде жүргізісін;
5. Бөбекжайдың үш жылдық құжаттары өлшемшарттарға сәйкес дайындалсын;
6. Білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары, оқыту және білім беру, білікті қызметкерлердің болуы, қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау, білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық базаның тиімділігі жөнінде сайтқа жүктеу жұмыстары ұйымдастырылсын;
7. Педагогикалы кеңестің шешімінің орындалуына жауаптылық әдіскер Д.Муталиеваға жүктелсін.

Жиналыс торайымы

Жиналыс хатшысы



К.Абдраманова

Д.Муталиева

Өткен орны: «Ақ қайың» бөбекжайы» МКҚК ғимараты;
Уақыты: 17²⁰;
Жоспарлы: жоспарлы.

Қатысқандар:

- 5) К.Абдраманова – Балабақша меңгерушісі;
- 6) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы;
- 7) Д.Муталиева – бөбекжай әдіскері;
- 8) Педагог мамандар – 16 адам;
Барлығы: 19 адам.

КҮН ТӘРТІБІ:

Педагогикалық кеңес тақырыбы: Бала құқығын білу және бала құқығын қорғау әр бір педагогтың міндеті.

- 1) Өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы.
- 2) Конвенция және бала құқығы заңдарымен таныстыру
- 3) «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығымен таныстыру.
- 4) «Бала өмірдің гүлі» Баяндама – тәрбиеші К.Дарибаева
- 5) Балалардың әлеуметтік жағдайы туралы есебі.
- 6) Мектепке дейінгі ұйым жағдайында балалардың қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру.
- 7) Тәлімгер тәрбиешілермен жас мамандар жұмысын тыңдау.
- 8) Ситуациялық сұрақ жауаптар
- 9) Мейірімді болайық! Тренинг – психолог Ж.Умирова
- 10) Педагогикалық кеңестің шешімі.

Тыңдалды: «Өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы»

Бүгінгі кеңесті ашқан бөбекжай меңгерушісі К.Абдраманова өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалу барысы бойынша есеп беру үшін сөз кезегін әдіскер Д.Муталиеваға ұсынды. Ол өз кезегінде 2022-2023 оқу жылында мерзімінде аттестаттауға жататын педагогтар жоқ, себебі, 2021 жылдың желтоқсан айында барлық педагогтарға «педагог» санаты берілген, сондықтан, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығына сәйкес, екі жылдан кейін ғана мерзімінен бұрын өтініш беруге мүмкіндік болатындығы түсіндірілді. 2022-2023 оқу жылында қазіргі таңда мерзімінен бұрын өтініш бергендер жоқ екендігі нақтыланды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығына сәйкес сараптамалық комиссия құрамы бекітіліп, келісімдері алынды. Жан басына қаржыландыру бойынша 3-6 жас аралығындағы балалар бөбекжайға қабылданатындығы бойынша ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Балаларды балабақшаға қабылдау үшін ата-ананың өтініші «Балабақша smartnation» порталы арқылы қабылданып келеді, ата-аналарға қолайлы болу үшін бөбекжайда өзіне-өзі қызмет ету бұрышы ұйымдастырылған, №252 мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне сәйкестендіре отырып балалардың құжаттары қабылдау жолға қойылған, жауапты маман бекітілген, жұмыс талапқа сай жүргізілуде. Балаларға қатынас саласын дамытуда әр топта кітап бұрышы ұйымдастырылды, балалар мен ата-аналардың кітап оқуына ыңғайластыра отырып дәлізде де кітап бұрышы орналастырылды. Педагогикалық әдеп кеңесі құрылды, хатшы тәрбиеші Л.Рустемова, қазіргі таңда ата-аналар тарапынан өтініштер түскен жоқ, болған жағдайда және тоқсанына бір рет кеңес отырысы өткізілуде. «Үлгілік оқу бағдарламасына енгізілген өзгерістер бойынша» педагогтар ұдайы жұмыс жүргізуде, перспективалық жоспарлары жаңа бағдарламаға сәйкестендіріліп, қайта түзілгендігі туралы толыққанды есеп берді.

Тыңдалды: «Конвенция және бала құқығы заңдарымен таныстыру»

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша сөз алған тәрбиеші Р.Бекеева – «Бала құқықтары туралы конвенция», Нью-Йорк, 20 қараша 1989 ж. Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында жария етілген қағидаларға сәйкес қоғамның барлық мүшелеріне тән қадір-қасиетін, теңдей және ажырамас құқықтарын тану жер бетінде бостандықты, әділдікті және бейбітшілікті қамтамасыз етудің негізі болып табылады деп есептей отырып, 54 баптан тұратын конвенцияны қабылдағанын айтты. «Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында қолданылып келетіндігін түсіндірді. Баяндама барысында балалардың құқығы туралы, олардың жауапкершілігі мен міндеттері туралы да баяндап өтті.

Жиналыс қаулы етті:

4. БҰҰ «Бала құқықтары туралы конвенциясы» басшылыққа алынсын;
5. Тәрбиеші Р.Бекееваның «Бала құқығы конвенциясы» тақырыбындағы баяндамасы жақсы деп бағалынсын;
6. Бала құқығы конвенциясын бөбекжай қызметкерлері жұмыс барысында ұдайы пайдалынсын.

Тыңдалды: ««Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы №506 бұйрығымен таныстыру»

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша сөз алған тәрбиеші Ә.Рахымбаева – Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 Бұйрықпен бекітілген «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларының» жалпы ережелерімен, қағидада пайдаланылатын негізгі ұғымдармен таныстырып өтті. Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасын жүргізу тәртібі, ақпараттар туралы қағида талаптарымен таныстырды. Алдағы уақытта буллинг профилактикасы қағидасына сәйкес жұмыстармен жиынға қатысушыларды таныстырып, пікір алмау жүргізді. Жоспарға толықтырулар мен өзгерістер енгізе отырып, жұмыс жоспарын бекітуді ұсынды. Жиынға қатысушылар бірауыздан қолдан, жұмыс жоспарын бекітті.

Жиналыс қаулы етті:

5. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 Бұйрықпен бекітілген «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидалары» басшылыққа алынсын;
6. Баланы жәбірлеудің (буллингтің) алдын-алу бойынша іс-шара түзіліп, бекітілсін;
7. Баланы жәбірлеудің (буллингтің) болдырмау, қадағалау, алдын-алу шараларына жауапты болып тәрбиеші Ә.Рахымбаева бекітілсін.

Тыңдалды: ««Бала өмірдің гүлі» баяндама»

Күн тәртібіндегі келесі мәселе ««Бала өмірдің гүлі» тақырыбындағы баяндаманы тәрбиеші К.Дарибаева оқыды. Ол өз баяндамасында баланың өмірі, денсаулығы, оның қызығушылығы мен арман, мақсаттарын үлкендер құрметтеуі қажеттігін айта келіп, балаларға қатыгездік таныту, құқығын шектеуге жол бермеу қажеттігін БҰҰ-ның бала құқығы конвенциясында да анық әрі нақты етіп көрсетілгендігін тілге тиек етті. Бала болашағымыз десек. Болашағымыздың жарқын болуы үшін әр сала мамандары, тіптен отбасында бала тәрбиесіне аса мән беріп, құқығының тапталмауын қадағалау баршамамыздың міндетіміз деп аятады өз баяндамасын. Баяндама әсерлі жасалған, жақсы деген баға берілді.

Жиналыс қаулы етті:

1. Тәрбиеші К.Дарибаеваның «Бала өмірдің гүлі» тақырыбындағы баяндамасы жақсы деп бағалансын;
2. Балалардың құқықтарын түсіндіру мақсатында ата-аналармен әңгімелесу, дөңгелек үстел, іс-шаралар ұйымдастырылсын;
3. Балалардың денсаулығын нығайту үшін тамақтану режиміне ұдайы мән беру;
4. Балалардың дұрыс тамақтануына, денсаулығының ақсамауына жауапты болып мейірімке Қ.Нұржанова бекітілсін.

Тыңдалды: «Балалардың әлеуметтік жағдайы туралы есебі»

Балалардың әлеуметтік жағдайы бойынша бөбекжайдың психологы Ж.Умирова есеп берді. Бөбекжайда барлығы 175 бала бар, оның ішінде, екі отбасы, яғни үш бала аз қамтылған отбасына, мүгедектігі бар отбасының балалары жеті, көп балалы отбасының балалары отыз сегіз бала. Қамқоршылық кеңесінің демеушілігімен бөбекжайға үш баладан келетін екі отбасының бір-бір балаларына, барлығы екі баланың тамағына ақысын төлеп беруде. Қалған әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың да балаларына да көмек көрсету шаралары қарастырылуда екендігі туралы есеп берді.

Жиналыс қаулы етті:

1. Әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың балаларына демеушілер есебінен көмек көрсету жұмыстары ұйымдастырылсын;
2. Балалардың тұрмыс-жағдайларына әлеуметтік карта түзілсін;
3. Әлеуметтік картаны құрастырып, келесі кеңесте толықтай есеп берілсін;
4. Әлеуметтік картаны психолог Ж.Умирова түзсін;

Тыңдалды: «Мектепке дейінгі ұйым жағдайында балалардың қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру»

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай әдіскері Д.Муталиева - Мектепке дейінгі ұйым жағдайында балалардың қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру бойынша балалармен әр түрлі іс-шаралар, гигиеналық шаралар ұйымдастырылады. Топтарда жихаздардың қойылуы мен ойыншықтардың қолжетімді болып орналасуы, кітап бұрышы ұйымдастырылды. Ата-аналармен бірлесе отырып, балалардың қауіпсіз мінез-құлық қалыптастыруда бірлесе отырып жұмыс жасауды әлі де жалғастырамыз. Қауіпсіздің мәдениетін малалардың бойына мектепке дейінгі жаста қалыптастырған орынды. Сондықтан да, балабақшада балалардың бойына қауіпсіз мінез-құлық қалыптастыру шараларын жоғары деңгейде жүргізген дұрыс екендігін айта келіп, алдағы уақытта атқарылатын жоспармен таныстырды. Іс-шараны барлығы қолдап, әрі қарай жұмыс жасауға келісті.

Жиналыс қаулы етті:

1. «Үлгілік оқу бағдарламасына» сәйкес балалардың бойында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру жұмыстары қолға алынсын;
2. Барлық топ тәрбиешілері балалардың қауіпсіз мінез-құлық қалыптастыру іс-шарасын нақтыласын;
3. Балалармен жоспарға сәйкес шынықтыру-сауықтыру шаралары жүргізілсін;
4. Жауапты болып әдіскер Д.Муталиева бекітілсін.

Тыңдалды: «Тәлімгер тәрбиешілермен жас мамандар жұмысын тыңдау»

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай әдіскері Д.Муталиева –жылдық жоспарға сәйкес, тәрбиеші Г.Жунусбаева - Топтардағы құжаттарды рәсімдеу бойынша әдістемелік көмек көрсету, Триз технологиясымен, монтеessori технологиясымен таныстыру, тәрбиеші Р.Бекеева - Мектепке дейінгі мекемеде қолданылатын нормативтік заңды құжаттармен таныстыру, әдіскер Д.Муталиева - Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық бойынша кеңес беру, Ақпараттық технология және жобалау әдіс тәсілімен таныстыру, тәрбиеші Ә.Рахымбаева - 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулықпен таныстыру, Әдістемелік оқулықтармен таныстыру, тәрбиеші Г.Исаева - Жас ерекшеліктеріне сәйкес таңғы жаттығуларды өткізу сапқа тұрғызу, тәрбиеші К.Дарибаева - Ойын картотекаларын, серуен картотекаларын құрастыруды үйрету, Кюизенер таяқшаларымен таныстыру, тәрбиеші Н.Жакипова - Ата-аналармен жұмыс жүргізу бойынша кеңестер, тәрбиеші М.Төлеген - Топ балаларымен топтық шығармашылық жұмыстар жүргізуді үйрету, тәрбиеші М.Суенова - Ойын түрлерімен таныстыру. Дидактикалық, кимылды, сюжеттік рөлдік тақырыптарында жас мамандарға кеңестер мен практикалық іс-тәжірибе жүргізіп, жас мамандардың кәсіби қалыптасуына ықпал етті. Бұл жұмыстар әрі қарай да жалғасын табады деп сөзін аяқтады.

Жиналыс қаулы етті:

1. Тәрбиешілердің жас мамандарға арналған кеңестері, баяндамалары мен іс-тәжірибелері жақсы деп бағалансын;
2. Педагогтардың мектепке дейінгі педагогика саласындағы жаңалықтар мен жетістіктерді анықтай білуге үйрету іс-тәжірибелері жақсы деп бағалансын;
3. Жас мамандармен жұмыс әрі қарай жалғастырылсын;
4. Тәлімгерлердің жұмыстарын әрі қарай ұйымдастыруға тәрбиеші К.Дарибаева жауапты болып бекітілсін.

Тыңдалды: «Ситуациялық сұрақ жауаптар»

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай психологы Ж.Умирова – бала тәрбиесіндегі қиындық тудыратын мәселелер төңірегінде әңгімелесу өткізді. Тәрбиешілерсен ситуациялық жағдайлар болған жағдайда оны шешудің жолдарын бірге іздеп көрді. Сөз соңында әріптестеріне, қолымыздағы алтынмызды жақсылап тәрбиелейік және біз оларға үлгі болар бейне екенімізді ұмытпайық. Адам да өмір сияқты, құлмесе жайнап өспейді дейді. Сондықтан да мына жайттарды есімізге ұстайық: «Отбасында берілген тәрбие жігеріңді құм қылып, жерге қаратпасын десен, балаға кішкентайынан түзу тәрбие бер» — деп ата-бабамыз айтқандай, бала тәрбиесіне уақытыңда көңіл бөліп, еліміздің инабатты, адамгершілігі мол, білімді, саналы ұрпағын тәрбиелейік. Егер ата-ана мен мектеп өзара тығыз байланыста болса, балаларға бірдей талап қойып отырса, тәуелсіз еліміздің ұл-қыздары жан-жақты дамыған азамат болып шығары сөзсіз деп аяқтады.

Жиналыс қаулы етті:

1. Бөбекжайдың психологы Ж.Умированың «Ситуациялық сұрақ-жауаптар» тақырыбындағы әңгімелесуі жоғары деңгейде өткізілді деп бағалансын;
2. Педагогтармен осы тақырыпта тренингтер жиі өткізілсін;
3. Ата-аналармен бала тәрбиесі тақырыбында сауалнама, тренингтер өткізілсін;
4. Бөбекжай психологы Ж.Умирова балалармен, ата-аналармен және педагогтармен тиісті жұмыстар жүргізсін.

Тыңдалды: «Мейірімді болайық! Тренинг – психолог Ж.Умирова»

Ситуациялық сұрақ-жауаптан кейін, кеңестің келесі күн тәртібіне сәйкес бөбекжай психологы «Мейірімді болайық!» тақырыбында тренинг өткізді. Тренингтің мақсаты: педагогтарды жаңашылдыққа, инновациялық әдіс-тәсілдерді тәжірибелеріне енгізе отырып, логикалық ойлау қабілетін, шығармашылық ізденісін, ой-қиялын арттыру. Ал, міндеті: Жаңа қоғамдағы адамгершілік, патриотизм және педагогиканың ұйытқысы ретінде нәтижеге бағытталған білім беру іскерліктерін дамыту. Педагогтардың эмоциялық көңіл-күйлерін көтеру, топтасып жұмыс істеу жүйесін әрі қарай дамыту. Ұстаздар мен ата-аналардың өз өмірлеріне деген ынтыасын арттыру үшін өткізілді. Педагогтардың көңіл күйлерін көтеріп, жұмысқа деген ынты-жірегілерін арттырды.

Жиналыс қаулы етті:

1. Бөбекжайдың психологы Ж.Умированың «Мейірімді болайық!» тақырыбындағы тренингі жақсы деп бағалансын;
2. «Мейірімділік – әлемді құтқарады» тақырыбында тәрбиеленушілермен тренинг өткізілсін;
3. Ата –аналармен мейірімділік тақырыбында сауалнама жүргізілсін;

Педагогикалы кеңестің шешімі:

8. Бала құқығы конвенциясын бөбекжай қызметкерлері жұмыс барысында ұдайы пайдалансын;
9. Баланы жәбірлеудің (буллингтің) алдын-алу бойынша іс-шара түзіліп, бекітілсін;
10. Баланы жәбірлеудің (буллингтің) болдырмау, қадағалау, алдын-алу шараларына жауапты болып тәрбиеші Ә.Рахымбаева бекітілсін;
11. Балалардың денсаулығын нығайту үшін тамақтану режимі ұдайы бақылауда болсын;
12. Балалардың тұрмыс-жағдайларына әлеуметтік карта түзілсін;
13. Әлеуметтік картаны құрастырып, келесі кеңесте толықтай есеп берілсін;
14. Барлық топ тәрбиешілері балалардың қауіпсіз мінез-құлқын қалыптастыру іс-шарасын нақтыласын;
15. Балалармен жоспарға сәйкес шынықтыру-сауықтыру шаралары жүргізілсін;
16. Тәлімгерлердің жас мамандармен жұмысы әрі қарай жалғастырылсын;
17. Бөбекжай психологы Ж.Умирова балалармен, педагогтармен және ата-аналармен мейірімділік тақырыбында тренингтер өткізсін;
18. Педагогикалы кеңестің шешімінің орындалуына жауаптылық әдіскер Д.Муталиеваға жүктелсін.

Жиналыс төрайымы

Жиналыс хатшысы



К.Абдраманова

Д.Муталиева

Құтарис ауылы

17.02. 2023 жыл

Өткен орны: «Ақ қайың» бөбекжайы» МКҚК ғимараты;
Уақыты: 17⁴⁵;
Жоспарлы: жоспарлы.

Қатысқандар:

- 1) К.Абдраманова – Балабақша меңгерушісі;
- 2) И.Абитаева – Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы;
- 3) Д.Муталиева – бөбекжай әдіскері;
- 4) Қ.Нұржанова – бөбекжай мейірбикесі;
- 5) Педагог мамандар – 10 адам;
Барлығы: 14 адам.

КҮН ТӨРТІБІ:

Педагогикалық кеңес тақырыбы: Балабақшамызда «Құқықтық сауаттылық»

- 1) Өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы.
- 2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы түзілген іс-шара жоспарымен таныстыру.
- 3) «Сыбайлас жемқорлық - ХХІ ғасыр індеті!» Баяндама – М.Төлеген.
- 4) «Сұрақ - жауап» - Ж.Умирова
- 5) Балалар жарақатының алдын-алу бойынша әдістемелік ұсыным.
- 6) 2023 ж қаңтар айындағы мониторинг қорытындысы.
- 7) «Менің елім-Менің жерім» мектепке дейінгі жастағы балаларды патриоттық тәрбиелеу. Әдістемелік ұсыным – А.Оңғарбаева
- 8) Шебер қолдар көрмесі.Көрмені бағалау – Д.Муталиева.
- 9) Педагогикалық кеңес шешімі

Тыңдалды: «Өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы»

Бүгінгі кеңесті ашқан бөбекжай меңгерушісі К.Абдраманова өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалу барысы бойынша есеп беру үшін сөз кезегін әдіскер Д.Муталиеваға ұсынды. Ол, өз кезегінде өткен педагогикалық кеңес барысындағы шешімнің орындалу барысын төмендегіше баяндады. Бала құқығы конвенциясын бөбекжай қызметкерлері жұмыс барысында ұдайы пайдаланып келеді, Баланы жәбірлеудің (буллингтің) алдын-алу бойынша іс-шара түзіліп, бекітілді, баланы жәбірлеудің (буллингтің) болдырмау, қадағалау, алдын-алу шаралары ұдайы бақылауда, сонымен қатар, балалардың денсаулығын нығайту үшін тамақтану режимі ұдайы бақылауда, педагогтар және ата-аналар тарапынан болған ұсыныстар ескерілуде, балалардың тұрмыс-жағдайларына әлеуметтік карта түзу жұмыстары жалғасып келеді, әлеуметтік картаны толық ақталғаннан кейін есеп берілу ескертілді, барлық топ тәрбиешілері балалардың қауіпсіз мінез-құлқын қалыптастыру іс-шарасын нақтылап, жұмыс жүргізуде, балалармен жылдық жоспарға сәйкес шынықтыру-сауықтыру шаралары өткізілуде, мейірбике қадағалап келеді, тәлімгерлердің жас мамандармен жұмыс жалғасын табуда, іс-тәжірибе жұмыстары ұйымдастырылып келеді. Бөбекжай психологы Ж.Умирова балалармен, педагогтармен және ата-аналармен мейірімділік тақырыбында тренингтер өткізді, нәтижесі педагогикалық кеңеске ұсынылды. Тренинг қорытындысы дауысқа салынып, бірауыздан қолдау тапты. Тренингті басқа да тақырыптар бойынша жалғастыру ұсынылды. Мекеменің өзін-өзі бағалау комиссиясының атқарған жұмыстары жөнінде есеп берілді. Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсынылған құжаттарға тоқталып, қорытынды негізінде атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Тыңдалды: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы түзілген іс-шара жоспарымен таныстыру»

Педагогикалық кеңестің бүгінгі тақырыбы «Балабақшамызда «Құқықтық сауаттылық» болғандықтан бөбекжайдың «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы түзілген іс-шара жоспары» бойынша атқарылған жұмыстар барысымен таныстырып өтті. Сонымен қатар, алдағы уақытта атқарылатын жоспар барысымен де барлық жиынға қатысушыларды хабардар етті. Балалармен төтенше жағдайлар барысында қорғану шараларын, жаттығулар мен оқулар өткізілгендігін. Ал, педагогтармен жоспарға сәйкес «Туған өлке» кіші бағдарламасы бойынша атқарылған жұмыстар, құқықтық сауаттылық, балалармен адалдық, достық тақырыптарында өткізілген іс-шаралар жөнінде баяндалды.

Жиналыс қаулы етті:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы түзілген іс-шара жоспары бойынша жұмыстар жалғастырылсын;
2. Педагогтармен құқықтық сауаттылық бойынша отырыстар өткізілсін;
3. Балалармен адалдық, достық тақырыбында сахналық қойылымдар, іс-шаралар өткізілсін;

Тыңдалды: «Сыбайлас жемқорлық - ХХІ ғасыр індеті» Баяндама – М.Төлеген»

Бөбекжай тәрбиешісі М.Төлеген «Сыбайлас жемқорлық - ХХІ ғасыр індеті» тақырыбында баяндама оқыды. ХХІ ғасырдың басты індетіне айналып, қоғамға қасірет орнатқан – сыбайлас жемқорлық. Халықтың барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болатындығы туралы айта келіп, елімізде тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап әлемдік стандарттарға сәйкес келетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар жүзеге асып келеді. Сонымен қатар, Қазақстан осы мәселе жөніндегі халақаралық конвенцияларға қосылған алғашқы мемлекеттердің бірі болып табылатындығын айтып өтті. Осыған сәйкес, әр азамат сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу бойынша өзінен бастап жұмыс жасау керек дей келе, ұжымды аталған індеттен аулақ болуға шақырды. Бірлесе күресу арқылы сыбайлас жемқорлықтың алдын-алуға боллатындығын тілге тиек етті. Ел ертеңі қалыптастыратын жалынды жастар ретінде, аманаттың ауыр жүгін арқалай отырып, санаға серпіліс, қоғамға өзгеріс орнатайық деп сөзін аяқтады.

Жиналыс қаулы етті:

1. Тәрбиеші М.Төлегеннің «Сыбайлас жемқорлық - ХХІ ғасыр індеті» тақырыбындағы баяндамасы жақсы деп бағалансын;
2. Бөбекжайдың сыбайлас жемқорлықтың алдын алу іс-шарасы жоспарға сәйкес жүргізілсін;
3. Балалармен адал достық, мейірімділік тақырыбында әңгімелесулер өткізілсін.

Тыңдалды: ««Сұрақ - жауап» - Ж.Умирова»

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша сөз алған психолог Ж.Умирова педагогтармен сыбайлас жемқорлық, адалдық, мейірімділік тақырыбында сұрақ-жауап тренингін өткізді. Онда, балаларды мейірімділікке, адалдыққа, достыққа тәрбиелеу жолдары,

үлкендердің сыбайластыққа бармауы туралы сұрақ-жауап ала отырып, ойын түрінде ұйымдастырылған бұл әңгімелесу әсерлі өткізілді.

Жиналыс қаулы етті:

1. Бөбекжай психологы Ж.Умированың «Сұрақ-жауап» тақырыбындағы әңгімелесуі әсерлі өткізілді, жоғары баға берілсін;
2. Осындай тәрбиелік мәні зор әңгімелесулер, пікір алмасулар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылсын;
3. Балалармен ойын түрінде адалдық, достық тақырыбында пікір алмасулар, тренингтер өткізілсін.

Тыңдалды: «Балалар жарақатының алдын-алу бойынша әдістемелік ұсыным»

Балалардың жарақатының алдын-алу бойынша педагогтарға бөбекжай мейірбикесі тәжірибелік сабақ өткізді. Алда, көктем мезгілі келе жатқандықтан күн жылынып, балалар көбіне далада уақыт өткізетін болғандықтан жарақат та көп болатын уақыт. Сондықтан да балалардың жарақатының алдын-алу шаралары, жарақат алған жағдайда қандай алғашқы медициналық көмек керек болатындығы, кімдерге алдымен хабар беру керек деген секілді сұрақтарға жауап бере отырып, көмек көрсетудің алғы шарттарын үйретті.

Жиналыс қаулы етті:

1. Бөбекжай мейірбикесі Қ.Нұржанованың балалар жарақат алған жағдайда көрсетілетін алғашқы көмек туралы сабағы жоғары деңгейде өткізілді деп есептелінсін;
2. Педагогтармен қауіпсіздік шаралары туралы оқулар өткізілсін;
3. Ситуациялық жағдай орын алған уақытта не істеу керектігі жөнінде педагогтарға нұсқаулық жүргізілсін;
4. Алғашқы медициналық көмек түрлері жөнінде іс-тәжірибелік оқулар ұйымдастырылсын;
5. Қауіпсіздік шаралары нұсқаулығын шаруашылық жөніндегі меңгеруші жоспарға сәйкес өткізсін.

Тыңдалды: «2023 ж қаңтар айындағы мониторинг қорытындысы»

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай әдіскері Д.Муталиева - 2022-2023 оқу жылындағы аралық мониторинг нәтижелеріне тоқталды. Онда, денсаулық білім саласы бойынша 2021-2022 оқу жылында бұл көрсеткіш 52,57 пайызды құраған, ал, биылғы оқу жылында бұл көрсеткіш 61,14 пайыз болып отыр. Ал, қатынас саласында 2021-2022 оқу жылындағы көрсеткіш – 41,14 пайызды, биылғы оқу жылында – 42,86 пайызды көрсетуде. Таным саласы бойынша 2021-2022 оқу жылы бұл көрсеткіш – 52,0 пайызды көрсетсе, биылғы оқу жылында – 45,71 пайызды құрауда. Шығармашылық саласы бойынша 2021-2022 оқу жылындағы көрсеткіш – 53,14 пайыз, биылғы жылы – 46,29 пайыз болуда, ал, әлеумет саласы бойынша 2021-2022 оқу жылындағы көрсеткіш – 38,29 пайыз болған, биылғы жылы бұл көрсеткіш – 53,14 пайызды құрауда. Былтырғы оқу жылында топтардың жас ерекшеліктері бір кіші, екі ортаңғы, үш ересек және бір мектепалды даярлық тобы болса, биылғы оқу жылында төрт ортаңғы, екі ересек және бір МАД тобы болып жасақталған. Жас ерекшеліктері былтырғы оқу жылына қарағанда жоғарылағаны және аралық мониторинг көрсеткіштерінің де едәуір жоғарылағандығы байқалады. Дегенмен, таным және шығармашылық салаларының едәуір төмендегінін көріп отырмыз. Сондықтан, алдағы уақытта таным және шығармашылық саласы бойынша жеке және топтық жоспар түзіп, балалардың осы салалар бойынша дағдыларын қалыптастыру жұмыстарына ден қою қажеттігін айтты.

Жиналыс қаулы етті:

1. Аралық мониторингтің талдау нәтижесі басшылыққа алынып, жұмыс жүргізілсін;
2. Әр топ жетекшілері таным және шығармашылық салаларын дамытуда жоспар түзсін, осы жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылсын;
3. Балаларға таным және шығармашылық саласында дағдыларын дамытуда көрнекіліктер дайындалып, дидактикалық ойындар тереңдетіле отырып ұйымдастырылсын;
4. Аралық бақылау нәтижесі бойынша әрі қарай жұмыс жүргізуді ұйымдастыру әдіскер Д.Муталиеваға жүктелсін.

Тыңдалды: «Менің елім-Менің жерім» мектепке дейінгі жастағы балаларды патриоттық тәрбиелеу. Әдістемелік ұсыным – А.Оңгарбаева»

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша сөз алған бөбекжай тәрбиешісі А.Оңгарбаева –мектепке дейінгі балаларды патриоттыққа, отан сүйгіштікке тәрбиелеу бойынша әдістемелік ұсыным бойынша қалай атқырылуы қажеттігі жөнінде іс-тәжірибесімен бөлісті. Ұлттың бүгінгі де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Баланың шын мәнісіндегі адам болып қалыптасуы қыруар уақыт пен тер төгетін, зор еңбекті қажет ететін, ауқымы кең, жауапкершілігі мол жұмыс. Ұлы Абай: Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе дүниедегі жақсы-жаманды таниды дағы сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады, десе, француз педагогы Жан Жак Руссо: – Бала туғанда ақ қағаздай болып туады, оның үстіне шимайды қалай салсаң, қағаз бетіне солай түседі, бала тәрбиесі сол сияқты, өзің қалай тәрбиелесең, ол солай тәрбиеленеді,- деген екен. Олай болса, тәрбие – аға ұрпақтың жас ұрпаққа қоғамдық-тарихи тәжірибесін беру процесі, жаңа ұрпақты өмірге, еңбекке дайындау арқылы қоғамның алға қарай дамуын қамтамасыз етеін үдеріс. Ұлттың болашағы ұрпағында болса, ұрпақтың тәрбиесі ұстаз қолында. Ал ұстаз мұраты мен мақсаты – жетілген, толыққанды жеке тұлғаны тәрбиелеу. Тәрбиеші балалармен қандай жұмыс істесе де, олардың мінез – құлқынын, тәртібін, сана – сезімінің қалыптасуына ықпал етеді. Ұстаз екенсің, ұстазға тән қасиетті бойына дарытып, көкірегіне ұялат, ұстазға сеніп тапсырған әр үйдің келешегіне, үміт күтіп отырған мұрагерінің санасына білім, жанына жақсылық сыйла. Ұстазды көргенде жиженетін шәкірт емес, оны көруге асығатын шәкірт тәрбиелеу – бүгінгі өмірдің басты талабы. Тәрбие мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру үдерісінде, сабақтан тыс уақытта және білім алушылардың бос уақытында жүзеге асырылады. Бала – біздің ертеңгі үмітіміз. Бүгінгі ұл – ертеңгі әке, бүгінгі қыз – ертеңгі ана. Олар ата-анасына және ұстазына қарап бой түзейді. Қай ғасырда болсын ұлт өмірін өркендетуші саналы да салауатты, ұлтжанды, рухы биік, ақыл – парасаты мол, мәдени ғылыми өрісі кең ұрпақты тәрбиелеу – қоғам алдындағы басты міндет. Бұл міндетті, әрине, бала тәрбиесіне жауапты ұстаз, яғни сынып жетекші жүзеге асырады. Жас ұрпаққа саналы тәрбие және сапалы білім беру деңгейі ең алдымен мұғалімнің даярлығына, оның іс-тәжірибесінің қалыптасып, шыңдалуына байланысты. Балаларды патриоттыққа тәрбиелеу арқылы оның болашағының жарқын, елін, жерін қорғауға дайын азамат етіп өсіреміз. Баршаңызды бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарауға шақырамын деп сөзін аяқтады.

Жиналыс қаулы етті:

1. Тәрбиеші А.Оңгарбаеваның «Менің елім-Менің жерім» мектепке дейінгі жастағы балаларды патриоттық тәрбиелеу» тақырыбындағы әдістемелік ұсынымы жақсы деп бағалансын;
2. Педагогтардың жұмысы барысында аталған баяндаманы басшылыққа алуы ұсынылсын;
3. Патриоттық тәрбие бойынша балалармен жұмыс тереңдетіле отырып жүргізілсін;
4. Осы жұмыстардың орындалуына жауаптылық әдіскер Д.Муталиеваға жүктелсін.

Тыңдалды: «Шебер қолдар көрмесі.Көрмені бағалау – Д.Муталиева»

Күн тәртібінің соңғы мәселесі бойынша сөз алған әдіскер Д.Муталиева – балалардың педагогтармен және ата-аналармен жасаған қол өнерлерін бағалауды ұсынды. «Қыс қызығы» тақырыбындағы көрме өте әдемі және әсерлі жасалынған дүниелер екендігін айта келіп, көрсені жиынға қатысушыларға таныстырып өтті. Педагогикалық кеңестің шешіміне сәйкес ең тамаша қыс мезгілі туралы шеберлік көрсетіп, бар өнерін салған тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарына, жетекшілеріне алғыс білдірілді.

Жиналыс қаулы етті:

1. Шебер қолдар көрмесінен аса шеберлікпен қыс мезгілін көрсете білген «Балдәурен» ересек тобының тәрбиеленушісі А.Талқасызының жұмысы өте жақсы деп бағаланып, бас жүлдеге ұсынылды;
2. Осы көрменің I орын жүлдесін «Балауса» МАД тобының тәрбиеленушісі А.Қазбек, II орынды «Қошакан» тобының тәрбиеленушісі Әлібек Алихан, III орынды «Жұлдыз» ересек тобының тәрбиеленушісі Оңал Нұрқелді иеленді;
3. Жүлделі орынға ие болған тәрбиеленушілер мен барша көрмеге қатысқан балаларды және олардың ата-аналары алғыс хатқа ұсынылсын;

4. Қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірлесе отырып жүлдеді орын иеленген балаларға сый-сияпаттар ұсынылсын.

Педагогикалы кеңестің шешімі:

1. Педагогтармен құқықтық сауаттылық бойынша отырыстар, балалармен адалдық, достық тақырыбында сахналық қойылымдар, іс-шаралар өткізілсін;
2. Балалармен адал достық, мейірімділік тақырыбында әңгімелесулер, тренингтер өткізілсін;
3. Педагогтармен қауіпсіздік шаралары туралы оқулар өткізілсін;
4. Ситуациялық жағдай орын алған уақытта не істеу керектігі жөнінде педагогтарға нұсқаулық жүргізілсін;
5. Алғашқы медициналық көмек түрлері жөнінде іс-тәжірибелік оқулар ұйымдастырылсын;
6. Қауіпсіздік шаралары нұсқаулығын шаруашылық жөніндегі меңгеруші жоспарға сәйкес өткізсін;
7. Аралық мониторингтің талдау нәтижесі бойынша әр топ жетекшілері таным және шығармашылық салаларын дамытуда жоспар түзсін, осы жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылсын;
8. Балаларға таным және шығармашылық саласында дағдыларын дамытуда көрнекіліктер дайындалып, дидактикалық ойындар тереңдетіле отырып ұйымдастырылсын;
9. Балалармен патриоттық тәрбие жұмыстары жлға қойылсын;
10. Шебер қолдар көрмесінің нәтижесіне сәйкес жүлделі орын алған балаларға демеушілер есебінен қамқоршылық кеңесі мүшелерімен бірлесе отырып сый-сияпаттар беру жұмысы ұйымдастырылсын;
11. Шебер қолдар көрмесінің нәтижесіне сәйкес жүлделі орын алған балаларға, олардың ата-аналарына және жетекшілеріне балабақша тарапынан алғыс хатқа ұсынылсын;
12. Педагогикалы кеңестің шешімінің орындалуына жауаптылық әдіскер Д.Муталиеваға жүктелсін.

Жиналыс торайымы

Жиналыс хатшысы



К.Абдраманова

Д.Муталиева